



**Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 1998 жылғы 5 желтоқсан N 271 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 4 ақпанда N 678 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 5 қыркүйек N 343 қаулысымен. ~V011669

Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауының жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықтың жаңа редакциясы бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.):

а) осы қаулыны және Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта

бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін;

б) осы қаулыны және Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.З. Нәлібаевқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
1998 жылғы 5 желтоқсан N 271  
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта  
бақылауын ұйымдастыру туралы

## Нұсқаулық

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасында экспорттан шетел валютасымен және теңгемен валютаның толық және уақытылы түсуін (бұдан әрі - валюта түсімі), сондай-ақ шетел валютасымен және теңгемен валюта қаражатын импорт мақсатына пайдаланудың заңдылығы мен негізділігіне экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

### 1. Экспорт-импорт валюта бақылауының мақсаты және бағыттары

1.1. Валюта бақылауының мақсаты валюта түсімінің толық және уақытылы түсуін, сондай-ақ шетел валютасы мен теңге қаражатын импорт мақсатына пайдаланудың заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз ету болып табылады.

1.2. Валюта бақылауының негізгі бағыттары мыналар:

- жүргізілетін экспорт-импорт валюта операцияларының қолданылып жүрген заңға сәйкес келуін және қажет болған жағдайда тиісті лицензиялардың немесе тіркеу куәлігінің болуын анықтау;

- төлемдердің негізділігін тексеру;

- экспорт-импорт валюта операциялары жөніндегі есептің толық және дұрыс болуын тексеру.

1.3. Экспортерлер валюта түсімін Қазақстан Республикасының банктеріндегі өз шоттарына заңда белгіленген тәртіппен контрактте белгіленген мерзімде аударуды қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті лицензиясы болса, экспорт түсімін контрактта көрсетілген экспортердің шетел банкіндегі валюта шотына аударуға рұқсат етіледі.

Егер валюта түсімі контрактте белгіленген мерзімде және тауарды Қазақстан Республикасы аумағында кедендік ресімдеген күннен бастап 180 күннен астам уақытта түспеген жағдайда экспортер контрактті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тіркеуге міндетті.

1.4. Импортер Қазақстан Республикасына құны тауарға төленген ақша сомасына тең келетін тауарды әкелуге барлық шараларды қолдануға міндетті, ал өнім немесе тауар (бұдан әрі - тауар) әкелінбеген жағдайда - бұрын аударылған ақшаны контрактта белгіленген мерзімде, егер Ұлттық Банк берген лицензияда өзгеше көзделмеген болса, бірақ аударылған күннен бастап 180 күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруы керек.

Занды тұлғалар - резиденттер мен резидент еместер арасында шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша төлемдер аударым арқылы жүзеге асырылады. Импортталған тауар үшін ақыны импортер емес үшінші адам осындай шарт бойынша импортер мен төлейтін үшінші адам арасында тиісті шарт болғанда ғана төлей алады.

1.5. Сыртқы экономикалық контракттың әрқайсысы бойынша резиденттің шотын жүргізіп отыратын бір банк қол қоятын бір мәміле паспорты ресімделеді, оған кейіннен экспорттан түсім түсуге, не импорт бойынша төлем жасалуға тиіс.

1.6. Сыртқы экономикалық қызмет резидент-субъектілерінің экспорт-импорт операциялары бойынша кірістері мен шығыстары салық салу мақсатында Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен анықталады.

Кәсіпорындардың экспорт-импорт операциялары бойынша кірістері мен шығыстарының есебі Қазақстан Республикасында қабылданған бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес есептеу әдістері бойынша көрсетіледі.

Сыртқы экономикалық қызмет резидент-субъектілерінің экспорт-импорт операциялары бойынша тексерулерді қолданылып жүрген заңдарға сәйкес салық және кеден органдары жүзеге асырады.

## 2. Негізгі ұғымдар

Тауарлардың немесе өнімнің экспортына немесе импортына (бұдан әрі "тауар экспорты" және "тауар импорты") байланысты валюта операциялары жөніндегі құжаттарды ресімдеген кезде осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Экспорт бойынша:

экспортер - заңды немесе жеке тұлға - Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерге тауарлар сатуға (шығаруға) контракт (шарт, келісім) жасайтын Қазақстан Республикасының резиденті;

банк - валюта операцияларын жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар, контракт бойынша экспорт түсімі келіп түсуге тиісті шотты жүргізетін банк (сонымен бірге оның филиалы) не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

экспорт бойынша мәміле паспорты - осы Нұсқаулықта белгіленген нысанда жасалған валюта бақылауының құжаты, оны экспортер толтырады және онда сыртқы экономикалық мәміле туралы мәліметтер болады;

экспорт бойынша мәміле паспортының электронды көшірмесі - Кеден комитетінің тиісті бұйрығымен бекітілген форматқа сәйкес жасалған мәміле паспортының электронды көшірмесі;

экспорт жөніндегі материалдар жинағы - тауар экспортынан түскен валюта түсімін бақылау жөніндегі арнайы құжаттар жинағы. Материалдар жинағын кеден органы әрбір экспорттық контракт бойынша ресімдейді;

экспорт жөніндегі іс - тауар экспортынан түскен валюта түсімін бақылау жөніндегі арнайы құжаттар жинағы. Істі банк әрбір экспорттық контракт бойынша ресімдейді;

экспорт жөніндегі журнал - осы Нұсқаулықта көрсетілген валюта бақылауының кіріс және шығыс құжаттарын жеке есепке алу үшін банк пен кеден органы жүргізіп отыратын журнал;

банктің жауапты қызметкерлері - банктің атынан валюта бақылауын жүргізу жөнінде мәміле паспортына қол қоюға және басқа іс-әрекет жасауға уәкілдік берілген банк қызметкерлері;

кеден органының жауапты адамдары - кеден органының атынан валюта бақылауын жүргізу жөнінде экспорт бойынша мәміле паспортына қол қоюға және басқа іс-әрекет жасауға уәкілеттік берілген кеден органының қызметкерлері

Импорт бойынша:

импортер - заңды немесе жеке тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті, оның атынан тауар сатып алуға және Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелуге контракт (шарт, келісім) жасалады;

банк - банк операцияларын жүргізуге Ұлттық Банктің лицензиясы бар, контракт бойынша тауар импортына төлем жасалуға тиісті банк шотына қызмет көрсететін банк (сонымен бірге оның филиалы) не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

импорт бойынша мәміле паспорты - осы Нұсқаулықта белгіленген нысанда жасалған валюта бақылауының құжаты, оны импортер толтырады және онда сыртқы экономикалық мәміле жөнінде мәліметтер болады;

импорт бойынша мәміле паспортының электронды көшірмесі (бұдан әрі МП электронды көшірмесі) - Кеден комитетінің тиісті бұйрығымен бекітілген форматқа сәйкес жасалған мәміле паспортының электронды көшірмесі;

импорт жөніндегі материалдар жинағы - тауар импорты кезінде шетел валютасын пайдалануға бақылау жасау жөніндегі арнайы құжаттар жинағы. Материалдар жинағын кеден органы әрбір импорттық контракт бойынша ресімдейді;

импорт жөніндегі іс - тауар импорты кезінде ақшаның пайдаланылуына бақылау жасау жөніндегі арнайы құжаттар жинағы. Істі банк әрбір импорттық контракт бойынша ресімдейді;

импорт жөніндегі журнал - осы Нұсқаулықта көрсетілген валюта бақылауының кіріс және шығыс құжаттарын жеке есепке алу үшін банк және

кеден органы жүргізіп отыратын журнал;

банктің жауапты қызметкерлері - банктің атынан валюта бақылауын жүргізу жөнінде мәміле паспортына қол қоюға және басқа іс-әрекет жасауға уәкілдік берілген банк қызметкерлері;

кеден органының жауапты адамдары - кеден органының атынан валюта бақылауын жүргізу жөнінде импорт бойынша мәміле паспортына қол қоюға және басқа іс-әрекет жасауға уәкілдік берілген кеден органының қызметкерлері.

### 3. Мәміле паспортын ресімдеудің жалпы шарттары

3.1. Экспортер/импортер контракт жасалғаннан кейін, уақытында, тараптардың кез келгені (резидент немесе резидент емес) өз міндеттемелерін орындауға кіріскен сәттен бастап кеден органында және банкте мәміле паспортын ресімдеуге міндетті.

3.2. Экспортер/импортер контракт шарттарына қарамастан (Қазақстан Республикасында тауардың кедендік ресімделуі аяқталғанға дейін немесе одан кейін төлем жасау) өз қызметі тіркелген аймақтағы кеден органында мәміле паспортын ресімдей бастайды.

3.3. Экспортер/импортер кеден органына мәміле паспортының 3 данасын береді. Сонымен бірге экспортер/импортер экспорт жөніндегі мәміле паспортымен қоса кеден органына экспорт жөніндегі мәміле паспортын жасауға негіз болған контракттың бір данасын және мәміле паспортының электронды көшірмесін беруге міндетті.

Экспортердың/импортердың экспорт жөніндегі мәміле паспортын ресімдеуінің нысаны мен тәртібі осы Нұсқаулыққа N 1 және N 3 қосымшаларда келтіріліп отыр.

3.4. Кеден органының жауапты адамы құжатты өткізген күнді есептемегенде екі жұмыс күні ішінде берілген құжаттарды қарайды, мәміле паспорты деректерінің контракт шарттарына сәйкес келуін тексереді және мәміле паспортын ресімдеуден бас тартуға негіз болмаса, экспортер/импортер берген мәміле паспортының данасына қол қояды.

Кеден органының жауапты адамы қол қойған, оның жеке нөмірлі мөрімен куәландырылған мәміле паспортының бірінші данасы экспортерге/импортерге қайтарылып, журналдың "шығыс" деген бағанында көрсетіледі. Журналдың нысаны осы Нұсқаулыққа N 2 қосымшада келтіріліп отыр.

Мәміле паспортының екінші данасы кеден органының экспорт/импорт жөніндегі материалдар сақталатын орын ашуына негіз болады.

Мәміле паспортының үшінші данасын кеден органы банкке жібереді, ол экспорт/импорт жөніндегі материалдар сақталатын орын ашуға негіз болады.

3.5. Экспортер/импортер кеден органынан мәміле паспортының бір данасын алғаннан кейін тез арада банкке контрактті, кеден органында ресімделген мәміле паспортын және оның электронды көшірмесін беруге міндетті.

3.6. Банктің жауапты қызметкері құжаттарды өткізген күнді есептемегенде екі жұмыс күні ішінде экспортер/импортер берген құжаттарды қарайды (экспортердің шотының бар-жоғын, мәміле паспортындағы қойылған қолдар мен мөрлердің экспортердің шоты бойынша бірінші болып қол қою құқығы бар адамдардың қойған қолдары мен мөрлерінің үлгілері бар құжаттағы қолдың үлгісіне сәйкес келуін, кеден органынан келіп түскен мәміле паспортындағы деректердің сәйкестігін және олардың контракт шарттарына сәйкес келуін тексереді). Мәміле паспортын ресімдеуде алшақтық жоқ болып, оны ресімдеуден бас тартуға негіз болмаса, банктің жауапты қызметкері экспортер/импортер берген мәміле паспортының данасына қол қойып, мөр басады да, оны экспортерге/импортерге қайтарып береді және дәл сол күні кеден органына банктің мәміле паспортын валюталық бақылауға алғанын растайтын тиісті хабарлама жібереді және банк мәліметтері базасына мәміле паспортының деректері туралы ақпарат енгізеді.

Экспортердың/импортердың шоты болмаған немесе қойған қолдары сәйкес келмеген жағдайда банк кеден органына мұндай факті жөнінде тез арада хабарлайды және мәміле паспортын ресімдеуге қабылдамайды. Хабарлау нысаны еркін жазылады.

3.7. Кеден органы шоттың бар екендігі жөнінде банктің хабарламасын алғаннан кейін қолданылып жүрген кеден заңдарына сәйкес осы мәміле паспорты бойынша тауарларды кедендік ресімдейді.

Кеден органы шоттың жоқ екендігі жөнінде банктің хабарламасын алғаннан кейін Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес шара қолданады.

3.8. Контракт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі келгенде экспортер/импортер кеден органы мен банк қол қойып, мөр қойып куәландырылған мәміле паспортының бір данасын және басқа қажетті құжаттарды тікелей кеден органына (тауарды кедендік ресімдегенде) немесе банкке (төлем жасағанда) көрсетеді.

3.9. Импорт контрактін төлеу үшін импортер банктің төлем құжаттарын мәміле паспорты мен шетелдік әріптеспен жасалған контракт негізінде ресімдейді.

3.10. Банктік төлем құжаттарына енгізілген деректерді банк импорт жөніндегі мәміле паспортының және контрактінің деректерімен салыстырып тексереді.

3.11. Импорт бойынша мәміле паспортындағы, контракттағы және төлем құжатындағы мәліметтер сәйкес келген жағдайда банктің жауапты қызметкері импорт бойынша контрактқа төлем жасау үшін банктік құжатқа рұқсат визасын

қояды.

3.12. Мына төмендегі шарттардың кез келген біреуінің орындалмауы банк үшін мәміле паспортына қол қоюдан бас тартуға негіз болады:

- контракттегі деректердің экспорт жөніндегі мәміле паспортында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмеуі;

- контрактіде Қазақстан Республикасының валюта заңдарының талаптарына қайшы келетін шарттардың болуы;

- мәміле паспортының белгіленген талаптарды бұза отырып ресімделуі;

- контракт бойынша валюта түсімін осы Нұсқаулыққа сәйкес осы контракт бойынша экспортерлер болып табылмайтын заңды немесе жеке тұлғалардың шоттарына аударуды көздейтін шарттардың болуы;

- контрактіде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі экспортерге шет елде шетел банкінде шот ашуға берген лицензияда көзделген жағдайлардан басқа Қазақстан Республикасының банкінде экспортердің шотына валюта түсімін аударуды көздейтін шарттардың болмауы;

- контрактіде осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен "Контрактің деректемелері мен шарттары" бөліміне сәйкес (N 1 және 3 қосымша) мәміле паспортын жасауға қажетті қандай да бір мәліметтердің болмауы;

- контрактта тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгенге дейін төлем жасау көзделген жағдайда, тауарды жеткізбеген кезде импортердің банктегі шотына импортталатын тауарға төлем жасауға аударылған ақшалай қаражатты қайтарудың нақты мерзімін белгілейтін шарттардың контрактта болмауы, оған:

- \* егер төлем ретінде аккредитив көзделген;

- \* импортер ақшаны қайтаруға банктік кепілдік берген жағдайлар кірмейді.

3.13. Мәміле паспортына қол қоюдан дәлелді бас тарту кезінде банк импортерге ол берген құжаттарды қайтарады және импортерге мәміле паспортын ресімдеу және контракт шарттарына тиісті өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар береді.

3.14. Мәміле паспортына қол қоя отырып:

Экспортер өзіне:

- экспорт бойынша мәміле паспортында келтірілген мәліметтердің осы экспорт бойынша мәміле паспорты жасалған контракт шарттарына толық сәйкес келу;

- контракт бойынша экспорттан түскен валюта түсімін контрактта белгіленген мерзімде осы контракт бойынша бақылау агентінің қызметін атқаратын экспортердің банкіндегі шотына есептеу жауапкершілігін алады.

Импортер өзіне:

- экспорт бойынша мәміле паспортында келтірілген мәліметтердің осы

экспорт бойынша мәміле паспорты жасалған контракт шарттарына толық сәйкес келу;

- импортталған тауарды толық көлемде және контрактта белгіленген мерзімде алу немесе тауарды жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, контракт бойынша бұрын шетелдік тарапқа аударылған алдын-ала жасалған төлем сомаларын импортердың импорт бойынша мәміле паспортында көрсетілген валюталық шотына белгіленген мерзімінде қайтару жауапкершілігін алады.

3.15. Тараптар контрактқа мәміле паспортын жасау кезінде бұрын пайдаланылған, осы контракт бойынша банк куәландырған мәліметтерді қозғайтын өзгерістер енгізген жағдайда экспортер/импортер аталған өзгерістер енгізілген күннен бастап он күн мерзімде, контрактқа енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар негізінде импортталатын/экспортталатын тауарды кедендік ресімдеуге ұсынудан кешіктірмей, банкке:

- контрактқа толықтыруларды және/немесе өзгерістерді;  
- мәміле паспортының нысанымен, бірақ тек қана мәліметтері анықталуға тиіс бағанды (позицияны) толтыра отырып жасалатын мәміле паспортына қосымша парақтарды ұсынады.

Мәміле паспортына қосымша парақтарды одан әрі ресімдеу мен пайдалану мәміле паспорты үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.16. Банк пен кеден органы түскен және жөнелтілген құжаттарды валюталық бақылаудың кіріс және шығыс құжаттарын есепке алу журналына тіркеп отырады (NN 2, 4 қосымшалар).

#### 4. Экспорттан және шетел валютасы мен теңге қаражатын импорт мақсатына пайдаланудан түскен валюта түсіміне бақылау жасау

4.1. Банк валюта түсімін экспортердің шотына есептеуді және импорт мақсатына арналған төлемдерді өткізуді осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес мәміле паспортын ресімдегеннен кейін ғана жүргізеді.

4.2. Келіп түскен соманың бірдей болуын жеңілдету мақсатында экспортер контрактінің деректемелері мен осы контракт бойынша экспорт жөніндегі мәміле паспортының нөмірін экспортердің пайдасына ақша аударуға берілген төлем құжаттарында көрсету қажеттігі жөнінде шетелдік төлемшіні хабардар етеді.

Банкаралық құжатта экспорт бойынша нақты мәміле паспортына банктің сома аударуы үшін қажетті мәліметтер жоқ болған жағдайда, банк келіп түскен қаржыны транзиттік шотқа тіркейді және сонымен бір мезгілде оның атына бірдей етуге жатпайтын қаржы түскендігі туралы мәлімдейді. Экспортер банктің мәлімдемесін алған соң, экспорт бойынша мәміле паспортының нөмірі мен деректемелерін көрсете отырып, келіп түскен соманың жағдайы туралы банкке



екі жұмыс күнінің ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

4.3. Банк экспортердің пайдасына ақша келіп түскенін растайтын барлық алғашқы банк құжаттарының және импортер өткізген төлемдердің көшірмелерін экспорт/импорт бойынша тиісті істерге олардың бірдейлігіне қарай бөледі.

4.4. Банк кеден органдарына ай сайын келесі есеп берілетін айдың 5-ші күнінен кешіктірмей осы банкте қызмет көрсетілетін экспортерлердің мәміле паспорттары бойынша жүргізілген төлемдер туралы хабарлап отырады ( хабарлама нысаны - N 5, 6 қосымша а), б)). Келіп түскен валюта түсімі және жасалған төлемдер туралы ақпараттар бақылау жүргізу мақсатында тиісінше банк пен кеден органы қалыптастыратын экспорт/импорт жөніндегі іс пен материалдар жинағына енгізіледі.

4.5. Кеден органы банктің хабарламасын алған соң экспорт бойынша келіп түскен валюта түсімі және импорт бойынша жүргізілген төлемдер туралы ақпаратты электрондық мәліметтер базасына енгізеді және контракт шартына импорт бойынша жүргізілген төлемдерге сәйкес валюта түсімінің және тауарлардың уақытында және толық түскендігін тексереді.

4.6. Егер контракт бойынша валюта коды төлем валютасы кодымен сәйкес келмесе, экспортер/импортер кеден органына контракт бойынша валюта бағамының төлем валютасына есебін қажетті түсіндірмесімен қоса береді. Кеден органы осы есепті контракт шарттарына сәйкес келуі және есепке салынатын бағамның нақтылығы тұрғысынан тексереді, егер есеп негізді деп танылған жағдайда, валюта түсімінің бұдан әрі экспорт кезінде төлемнің жаңа валютасымен немесе импорт кезінде тауарлармен түсуін ескереді.

Есептер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін шет ел валюталарының ресми бағамы арқылы немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін шет ел валюталарының теңгеге кросс-бағамы арқылы төлем күніне қарай жүзеге асырылады.

Экспортер/импортер ұсынған есеппен келіспеген жағдайда кеден органы экспорт/импортерға жазбаша хабарлап, экспорт/импортер жөніндегі материалдарға тиісті белгі түсіреді.

4.7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамымен немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы негізіндегі кросс-бағамымен есептелген айырмашылық 10%-тен аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ресми бағам, белгілемеген валюта бойынша контракт жасасқан жағдайда, экспортерге/ импортерге қызмет көрсететін банкке хабарлай отырып, осы валютаны есептеу АҚШ долларының ағымдағы рыноктық бағамы бойынша жасалады. Осыдан кейін теңгемен қайта есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген теңгенің АҚШ долларына ресми бағамы бойынша жасалады.

4.8. Экспорттық түсім банкке толық көлемде түспесе немесе экспорт жөніндегі мәміле паспортында көрсетілген мерзім бұзылса, экспортер экспорт өнімін толық алуы үшін шаралар қолдануға міндетті, сонымен бірге кеден органына тәртіп бұзудың себептері туралы ақпарат беруі керек.

4.9. Егер контрактінің шарттарында тауарды бірнеше топпен жеткізу көзделген болса, ал төлем жасау келесі топтың нақты жеткізілуіне тәуелді болса, онда импортер төлем құжаттарымен бірге алынған тауарға кеден жүк декларациясының көшірмесін банкке тапсырады. Берілген құжаттар контракт талаптарына сәйкес келген жағдайда банктің жауапты қызметкері төлем құжатына рұқсат визасын қояды. Тауар түспеген жағдайда импортер тауардың түспеу себебінің негіздемесін және контракт шарттарының өзгеруі жөніндегі қосымша келісімді банкке беруі керек.

4.10. Егер импорт бойынша тауар толық көлемінде түспесе немесе импорт бойынша мәміле паспортында көрсетілген мерзімді бұза отырып түссе, импортер импорт бойынша тауарды толық алу үшін шара қолдануға немесе сонымен бір мезгілде кеден органына орын алған тәртіп бұзушылықтың себептері туралы ақпарат бере отырып, тауар импортына төлем жасау үшін аударылған ақша қаражатын қайтаруға міндетті. Түскен жүктердің бірдей болуын жеңілдету мақсаты үшін импортер жүк берушіні импортердің мекен-жайына жіберілетін және тауарлардың олардың пайдасына жөнелтілгенін қуаттайтын ілеспе құжаттарда контракт реквизиттері мен осы контракт бойынша импорт жөніндегі мәміле паспортының номерін көрсету қажеттігі туралы хабардар етеді.

4.11. Валюта түсімі толық немесе уақытында түспеген жағдайда кеден органы экспортерге Қазақстан Республикасының кеден заңында көзделген санкцияларды қолдануға, сондай-ақ тиісті ақпаратты салық және құқық қорғау органдарына және Ұлттық Банкке жіберуге құқылы.

4.12. Кеден органы импорт жөніндегі мәміле паспортының және контрактінің талаптарына сай тауарлардың уақтылы түсуіне бақылау жасайды. Тауардың түсу мерзімі бұзылған жағдайда кеден органдары орын алған тәртіп бұзушылық туралы салық және құқық қорғау органдарын хабардар етеді және импортерге Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды қолдануға құқылы.

4.13. Банктің валюталық бақылау агентінің осы бөлімде көзделген міндеттерін дұрыс атқармаған фактілерін анықталған жағдайда кеден органы тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жіберуге міндетті.

4.14. Банк пен кеден органы түскен және жөнелтілген құжаттарды валюталық бақылаудың кіріс және шығыс құжаттары журналында тіркеп отырады.

## 5. Қазақстан Республикасындағы экспорт-импорт операцияларына

## бақылау жасау ісін техникалық қамтамасыз ету

5.1. Осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ресімделетін құжаттардағы мәліметтер банктер үшін банктік құпия, ал кеден органы үшін - қызметтік пайдалануға арналған ақпарат болып табылады. Банктер мен кеден органдары осы ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді.

5.2. Кеден органымен жазбаша келісу және банктердің кеден органымен бірлесе отырып құжаттарды сақтау мен іркіліссіз жеткізуді қамтамасыз ететін процедурасын жасауы кезінде банктер құжаттармен электронды алмасуға көше алады.

5.3. Атауы мен почталық мекен-жайын өзгерткен банктер:

- өзгерту күнінен 10 күн бұрын бұл жайында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарын және Қазақстан Республикасының кеден органдарын жеделхат арқылы хабардар етуге;

- осы банктерде шоттары бар барлық клиенттерге енгізілген өзгерістер жөнінде жазбаша хабарлауға;

- кеден органдарынан, сарапшылардан және импортерлерден олардың бұрынғы мекен-жайы мен бұрынғы атауына түскен корреспонденцияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, кеден органына және банк клиенттеріне аталған ақпаратты жіберген уақыттан бастап 30 күн ішінде қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

Кеден органы бұл жағдайда банктің аталған мәлідемесі негізінде тауарды мәміле паспортымен кедендік ресімдеуге 30 күн ішінде бұрынғы атауымен және почталық мекен-жайымен қабылдайды.

5.4. Қызмет көрсетуші банк өзгерген жағдайда экспортер (импортер) жаңа мәміле паспортына қол қойған күннен бастап үш күн мерзімде кеден органына жаңа мәміле паспортының көшірмесін ұсынуға тиіс.

5.5. Осы контракт бойынша ресімделген бұрынғы мәміле паспорты жарамсыз деп танылады. Кеден органдары осындай мәміле паспорттарын бере отырып ресімделетін тауарларды шығармайды (өткізбейді).

5.6. Егер ресімделген экспорт-импорт мәміледе тараптардың біреуінің контракті бойынша міндеттемесін нақты орындаған күннен бастап 180 күнтізбелік күннен асатын мерзімде ақшаның түсуі немесе аударылуы көзделген жағдайда, экспортер (импортер) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мәміле паспортын ресімдегенге дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен тиісті лицензия немесе мәміле паспортының көшірмесіне міндетті түрдегі қосымша болып табылатын тіркеу туралы куәлік алуға міндетті.

5.7. Валюта түсімі шетелдік сатып алушыдан осы контракт бойынша мәміле паспортын ресімдейтін банкке түскен жағдайда, банк теңестірілуге келмейтін соманың келіп түскендігі жөнінде экспортерді хабардар етуге міндетті және контрактінің деректемелері және экспорт жөніндегі мәміле паспортының номері көрсетілген соманың жағдайы туралы экспортерден жазбаша ақпарат алғанға дейін сома транзиттік шотқа тіркеледі. Экспортер банкке түскен ақшаны толық сомасында аталған мәміле паспортын ресімдейтін банктегі өзінің валюталық шотына аударуға тапсырма беруге міндетті. Экспортер ақша аударуға тапсырмамен бірге банк куәландырған мәміле паспортының данасын береді, ол ақша аударуға өтінішпен бірге түсімді алған банк үшін аударымды жүзеге асыруға негіз болады.

## 6. Валюталық бақылау органдары мен агенттері

6.1. Қазақстан Республикасында валюталық бақылауды валюталық бақылау органдары және агенттері өз құзырлары шегінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырады.

6.2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының кеден органдарын нақты почталық мекен-жайларын көрсете отырып, барлық банктер мен олардың филиалдарының тізімдерімен жедел түрде қамтамасыз етеді, аталған мәліметтерге кез келген өзгерістерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен валютаның ресми бағамы туралы ақпараттарды уақытында жеткізеді.

6.3. Валюталық бақылау агенттері өз құзырлары шегінде Қазақстан Республикасында экспортерлер мен импортерлер жүргізген валюталық операцияларға, осы операциялардың қолданылып жүрген заңдарға, лицензия шарттарына сәйкес келуіне бақылау жасайды.

6.4. Кеден комитеті экспорт-импорт валюта бақылауының нәтижелері туралы жиынтық ақпаратты келісілген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жібереді (N 6 қосымша).

6.5. Кеден органдары жабық мәміле паспорты туралы ақпаратты келесі есеп беретін айдың 5-ші күнінен кешіктірмей банктерге береді (N 7 қосымша а), б)).

6.6. Банк Ұлттық Банктің лицензиясымен немесе тіркеу куәлігімен жүзеге асырылатын экспорт-импорт контрактілер бойынша ресімделген мәміле паспортының негізінде барлық келіп түскен/аударылған ақша туралы ақпаратты ай сайын келесі есеп беретін айдың 5-ші күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкке береді (N 8 қосымша а), б)).

6.7. Банк тоқсан сайын есеп беріп отырған айдан кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей Ұлттық Банкке экспорт-импорт валюта бақылауының нәтижелері

туралы жиынтық ақпарат беріп отырады (N 9 қосымша).

## 7. Экспортерлер мен импортерлердің құқықтары мен міндеттері

7.1. Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюталық операцияларды жүзеге асыратын экспортерлер мен импортерлердің:

1) валюталық бақылау органдары мен агенттері жүргізген тексеру актілерімен танысуға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен валюталық бақылау органдары мен агенттерінің іс-әрекетіне шағым беруге;

3) Қазақстан Республикасының басқа да заңдық және нормативтік құқықтық актілерімен көзделген басқа да іс-әрекет жасауға құқылы.

7.2. Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюталық операцияларды жүзеге асыратын экспортерлер мен импортерлер:

1) валюталық бақылау органдары мен агенттеріне экспорт-импорт операциялардың жүзеге асырылғандығы туралы барлық сұралған құжаттар мен ақпараттарды беруге;

2) валюталық бақылау органдарының қызметкерлерін экспорт-импорт операцияларды жүзеге асыруға байланысты кез-келген құжаттарға тексеру жүргізуге жіберуге;

3) валюталық бақылау органдары мен агенттеріне олардың тексеру жүргізуі барысында және тексеру қорытындылары бойынша түсініктемелер беруге;

4) валюталық бақылау органдары мен агенттері жүргізген тексеру актісінде баяндалған фактілермен келіспеген жағдайда, осы актіге қол қоюдан бас тарту себебіне жазбаша түсінік беруге;

5) өздері жүргізген экспорт-импорт операциялар бойынша, олардың контракттың қолданылу мерзімі ішінде сақталуын қамтамасыз ете отырып есебін жүргізуге және есеп жасауға;

6) валюталық бақылау органдарының анықталған тәртіп бұзушылықты жою жөніндегі талаптарын (нұсқауларын, ұйғарымдарын) орындауға;

7) қолданылып жүрген заңдарда белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

## 8. Жеке жағдайлар

8.1. Мынадай жағдайларда мәміле паспортын ресімдеу талап етілмейді:

- уәкілетті банктер шетел банкіндегі коршоттың жазбаша үзіндісі негізінде шет елдегі коршоттарындағы кеден шекарасынан өткізетін валюталарын алып

кірген кезде мәміле паспортын ресімдеудің қажеті жоқ. Валютаны кедендік ресімдеу кезінде жазбаша үзінді жоқ болса, оны алғаннан кейін беретіндігі туралы банктің кепілхаты болғанда ресімделеді;

- Ұлттық Банк бағалы металды шет елдегі металл шоттарына орналастыру үшін алып шыққанда;

- республиканың кеден шекарасы арқылы тауар өткізуді көздемейтін және тиісінше кедендік ресімдеуді қажет етпейтін контракттар бойынша талап етілмейді.

8.2. Мынадай жағдайларда мәміле паспортын ресімдеу қажет:

- бес мыңнан аса АҚШ долларына барабар сомаға жасалған контракттар бойынша.

Бұған қоса валюталық бақылаудың агенттері ретінде банктер және валюталық бақылау органы ретінде кеден органдары экспорттаушылардың / импорттаушылардың сыртқы экономикалық операцияларына бақылауды жүзеге асырады және есеп беретін айдан кейінгі айдың 15-іне қарай тоқсан сайын банктер бес мыңнан аса АҚШ долларына барабар сомаға жасалған контракттар бойынша ақпаратты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, ал Кеден органдары осы Нұсқаулықта көзделген үлгілер бойынша (N 10 а), б), N 11 а), б) қосымшалары));

- Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан тауарды сатып алу-сату контракттары (шарттары, келісімдері) бойынша тауарды өткізген кезде, сондай-ақ тауарды (еркін айналым үшін экспорт/шығару) қызмет көрсетуге арналған контракттар бойынша өткізген кезде;

- жалға беру, өңдеу (Қазақстан тауарларын Қазақстан Республикасының кеден аймағынан тыс жерде өңдеуден басқа), комиссия шарттарына және тауарға деген меншік құқының экспорттан (еркін айналымға арналған шығарудан) басқа режимдегі шетелдік (республиканың кеден аумағынан алып кетер кезде), қазақстандық (кеден аумағына алып кірер кезде) тұлғаға берілуін көздемейтін басқа шарттарға сәйкес кеденде бұрын ресімделген тауарды экспортқа шығару үшін республиканың кеден органдарына мәлімдер алдында. Мұндай жағдайда мәміленің паспортын ресімдеуді кеден органдары жүргізеді.

8.3. Тауарды телекоммуникациялық желі арқылы жасалған мәміле бойынша жеткізген жағдайда, сондай-ақ контракттар (шарттар, келісімдер) болмағанда паспортты ресімдеу инвойс негізінде жүзеге асырылады, инвойста мәміле паспортының бағандарын толтыруға қажетті барлық мәліметтер болады, ал сомалар және мәміле паспортын толтыруға қажетті басқа деректер - осындай контракттарға қосымшаларды, спецификацияларды немесе инвойстарды белгілемейтін ұзақ мерзімді контракттар бойынша контракт шарттарында қалай көзделгендігіне қарай жеткізіледі. Осы орайда банктің экспорттаушылары/

импорттаушылары осындай инвойстардың, қосымшалардың немесе спецификациялардың деректемелеріне сәйкес аударылатын сомалардың сәйкестендірілуін қамтамасыз етуге тиіс, бұл туралы мәміле паспортын ресімдеген кезде экспорттаушыға/импорттаушыға хабарлама беру қажет.

8.4. Есеп айырысуды дистрибьютер шоты арқылы жүргізуді белгілейтін, әкелінетін тауарларды еркін айналым үшін шығару тәртібі бойынша ресімделетін дистрибьютер келісімдері бойынша ресімдеуге мәміле паспортын ашық бағандарымен қабылдауға болады, оларды тауарды кедендік ресімдеу алдында немесе банктер осы нұсқаулықта белгіленген тәртіпке сәйкес мәміле паспортының қосымша беттерінде төлем жасар алдында мына ерекшеліктерді ескере отырып толтырады:

- осындай беттерді толтыруға инвойстар негіз болады;
- кеден органдары кедендік ресімдеуді мәміленің паспорты бойынша және оның қосымша беттері бойынша жүзеге асырады.

Аталған тәртіп дилерлік келісімдер бойынша әкелінетін тауарға да қолданылады.

8.5. Шет елдегі шоттары бойынша банкпен есеп айырысуды көздейтін контракттар бойынша жасалатын мәміленің паспорты оларды ашуға Ұлттық Банктің лицензиясы болған жағдайда мынадай ерекшеліктерімен бірге толтырылады:

"Банк деректемелері" деген бөлімде Қазақстан резидентінің шоты ашылған шетел банкінің деректемелері көрсетіледі;

- "Уәкілетті адамдардың қолдары" деген бөлімде шетел банкі тарапынан сөз беру талап етілмейді, себебі Ұлттық Банктің лицензиясы шет елде шоттың бар екендігінің дәлелі және осындай шоттың бар екендігін шетелдік банктің растауы болып табылады, ал тауарды республиканың кеден шекарасы арқылы өткізетін уәкілетті банктер үшін шетелдік банктің коршот ашу туралы хабарламасы осындай растау болып табылады;

- валюта бақылауын жүзеге асыру үшін валюталық пайданың түскенін ( тауардың төленген ақысын) мыналар растайды: банктер тауар алған кезде - шетел банкіндегі коршоттың үзіндісі (кеден органында үзіндінің банктің коршоттан төлеген валюта сомасын растайтын бөлігінің куәландырылған көшірмесі қалады); басқа адамдар үшін - нақты резидент үшін шетел банкінде ашылған шот бойынша ақшаның жылжуы туралы кеден органдарының сұратуы бойынша Ұлттық Банктің жіберетін хабарламасы.

8.6. Контракт үшін үшінші адам-резидент төлеген кезде мәміле паспорты төрт дана етіліп ресімделеді (тараптар үшін бір данадан - импорттаушы, үшінші адам, кеден органы және үшінші адамның банкі). Мұндай жағдайда мәміле паспортын кеден органына ресімдетуге үшінші адамның қатысуымен импорттаушы апарды

. Осы орайда кеден органы мәміле паспортының бір данасын үшінші адамға қызмет ететін банкке жібереді, ол банк кеден органына шоттың бар екендігі және үшінші адамның қолының сәйкес келетіндігі туралы хабарлама жібереді, соңынан кеден органына осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес жасалған төлемдер туралы хабарлама жіберіледі;

- импорт контракты үшін резидент емес төлегенде импорттаушы кеден органына үшінші адаммен-резидент емеспен жасасқан тиісті шартты өткізеді. " Банк деректері" деген бөлімде резидент емес үшінші адамның банкінің деректемелері көрсетіледі. Тиісінше мәміленің паспортында бұл банктің қолы керек болмайды. Осындай контракт бойынша тауар үшін төлеу туралы банктің хабарламасының орнына импорттаушы контракт үшін үшінші адам-резидент емес төлегенін растайтын құжат тапсырады (шоттың үзіндісі, телекс және т.б.);

- импорт контракты үшін үшінші адам-резидент емес импорттаушыға кредит шартын жасап кредит беру арқылы төлесе, онда мұндай жағдайда қаражат Қазақстан Республикасының валюта заңдарының талаптарына сәйкес импорттаушының Қазақстан Республикасының уәкілетті банкінде ашылған шотына немесе оның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алған лицензиясына сәйкес шет елдегі шетел банкінде ашылған шотына міндетті түрде жазылуға тиіс, кейін импорттық контрактқа сол шоттан төленеді.

8.7. Есеп айырысудың аккредитивтік түрі бойынша банктің хабарламасы кеден органдарына аккредитив жабылғанда емес, нақты төленгенде жіберіледі.

8.8. Төлем құралы ретінде вексельді пайдалануды сыртқы сауда мәмілелерін жүзеге асырған кезде кеден органдары мен банктер мыналарды тексеруге тиіс:

- тауар Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан контрактқа сәйкес өткізілетін болғандықтан, контрактта төлем құралы ретінде вексельдің пайдаланылуын көздейтін төлем шарттарының болуы;

- вексельдегі мәтіннің заңдарға сәйкес болуы (міндетті деректемелердің болуы, индоссаменттер қатарының үздіксіздігі және басқа).

Сыртқы сауда операцияларын төлем құралы ретінде вексельді пайдаланып жүзеге асыратын экспорттаушының міндетіне банкке және кеден органына вексель бойынша төлемді алғанын немесе оған арналған құқықты үшінші адамға бергенін растайтын құжаттарды дереу беру кіреді.

